



## 2016-2020 жылдарға сапа саласындағы САЯСАТ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ – ғылыми-зерттеу инновациялық жобаларды және білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін, ХХІ ғасырдағы адамзаттың жаһандық проблемаларын шеше алатын, әлемдік деңгейдегі зерттеу холдингі болып дамуды мақсат етіп бекітеді.

ҚазҰТЗУ ең жоғары деңгейдегі ғалымдарды, студенттер мен қызметкерлерді тартатын, шабыттандыратын және сақтайтын зияткерлік орта қалыптастыруға қолайлы жағдай тудыру үшін, дарындыларды шоғырландыру, мол ресурстар, тиімді басқару арқылы жаһандық техникалық, технологиялық және ғылыми-зерттеу орталығы арқылы болуға ұмтылады.

Сапа жүйесінің басты мақсаты – барлық мүдделі тұлғалардың – студенттер, олардың ата-аналарының, индустрия өкілдерінің, мемлекеттік орган басшыларының, ғылыми жұртшылық пен қоғамның талаптары мен тілектерін ескере отырып, білім беру және ғылым ісінің сапа кепілін қамтамасыз ету үшін Университет қызметін үздіксіз жетілдіріп отыру.

ҚазҰТЗУ өзінің қызметінің сапа кепілі ретінде ISO 9001:2008 Халықаралық стандарты, Еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен директивтер және меншікті білім беру стандарттары негізінде корпоративтік даму жүйесі мен сапа менеджменті жүйесін сапалы дамытуды нәтижелі іске асыруды жауапкершілігіне алады.

Сапа саясаты сапа мәдениетін дамытуды қалыптастыруға бағытталған және:

- академиялық әділдік пен еркіндікті;

- студенттерге немесе қызметкерлерге қатысты кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау.

Университет басшылығы осы Саясатты іске асыру көшбасшысы болып табылады, Даму бағдарламасын тиімді іске асыру үшін қолайлы жағдай жасалуына жауап береді, жұмыс жағдайын тұрақты жақсартып отырады, біліктілікті көтереді, қызметкерлермен білім алушыларға қолдау көрсетіп, қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді.

Білім алушылар мен қызметкерлердің жоғары мотивациясы оларды іргелі және қолданбалы зерттеулерге тарту, барлық қызмет бағыттары бойынша шешім қабылдауға қатысу арқылы қамтамасыз етіледі, кәсіби құзыреттерін жетілдіруге және дамытуға бағдарлайды, өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді.

ҚазҰТЗУ түлектері әділдік пен кәсіби шеберлікті, өз салаларында қайырымды көшбасшы және коммуникатор болуға және өте маңызды ғылыми-технологиялық міндеттерді шешуге қабілетті болуды ұстанады.

Сапа саласындағы саясат ҚазҰТЗУ-дың барлық басқару деңгейінде құпталған және ұсынылатын қызмет түрлері мен өнімдер сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың талаптарын қанағаттандыруға және қамтамасыз етуге бағытталған.

Ректор



И. Бейсембетов

